Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# Qazaq Universiteti

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

№40 (1822)
6 қараша
2021 жыл

www.kaznu.kz   facebook.com/KazakhNationalUniversity   vk.com/kazuniversity   instagram.com/KAZNU_FARABI

## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» сағат стеласы бой көтерді



***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мәңгілік ел» сағат стеласы салтанатты түрде ашылды. Бұл архитектуралық нысан ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, түлектердің университетке сыйға тартуы.***



Сағаттың ашылу салтанатына ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдірашид Жүкенов, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ-дың құрметті профессоры Салтанат Байқошқарова және ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов сынды тағы да басқа зиялы қауым өкілдері, Нұр-Сұлтан мен Алматы шаһарынан арнайы келген меценаттар мен университеттің оқытушы-профессорлары және білім алушы жастар қатысты.

Шараға арнайы шақырылған меймандар сөз сөйлеп, бүгінгі айтулы оқиғамен құттықтады. ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми өз кезегінде жобаның мақсаты – ҚазҰУ қалашығының тұрғындары мен қонақтарына оқу, жұмыс істеу және тұрмыс үшін жайлы орта құру екенін тілге тиек етті.

Қалашықта бой көтерген сағат стеласы «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы мен орталық аллеяның жалғасы болып табылады. «Мәңгілік ел» сағаты биіктігі 19,3 метр болатын стелаға орнатылған. Нысан құрылысының негізгі іргетасы төрт тұғырлы биік бағаналармен бекітілген.

*Жалғасы 2-бетте*

***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Тәжікстан Республикасы Президентінің жанындағы Халықаралық байланыстар басқармасы бастығының орынбасары Анушервон Асоевты және Мемлекеттік басқару академиясының Халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі Алишер Саидмухторовты қабылдады.***

## Ректор Тәжік елінің делегациясын қабылдады



Жансейіт Түймебаев Тәжікстан елінен келген меймандарды ыстық ықыласпен қарсы алды. Кездесу барысында ректор университеттің тарихы мен жетістіктеріне егжей-тегжейлі тоқталды. «Бүгінде алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен, институттармен ынтымақтастық туралы 400-ден астам халықаралық келісімге қол қойылды. Осы келісімдер аясында түрлі оқу-білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар іске асырылып келеді. Сондай-ақ ҚазҰУ Тәжікстанның жоғары оқу орындарымен бірлесіп, Erasmus жобаларына қатысуда. Студенттердің тәжірибе алмасуынан бөлек, «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды тарту» бағдарламасы шеңберінде лекциялар оқу және ғылыми басшылықты жүзеге асыру үшін жетекші ғалымдар белсенді түрде тартылуда», – деп атап өтті университет ректоры.

Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады. Жансейіт Түймебаев Тәжікстанның жоғары оқу орнымен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ ол жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

Өз кезегінде Тәжікстан елінен келген Алишер Саидмухторов университеттің бүгінге дейін жеткен жетістіктерін жоғары бағалады. Сонымен қатар меймандар Жансейіт Түймебаевқа кездесуге мүмкіндік бергені үшін алғыстарын жеткізіп, Тәжікстанға жұмыс сапарымен келуге шақырды.

Кездесу соңында тараптар ізгі тілектер мен естелік сыйлықтармен алмасты.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

## Құқықтық даму мәселелері қамтылды

***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «30 жылдыққа – 30 апталық» бағдарламасы аясында белгілі мемлекет қайраткері, Қазақ мемлекеттік заң институтының тұңғыш ректоры, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Еркеш Нұрпейісов көшбасшылық дәріс оқыды. «Қазақстан Тәуелсіздік қарсаңында» атауымен өткен шараға оқытушылар мен студенттер қатысты.***

Спикер заң шығарушы және орындаушы жаңа мемлекеттің құқықтық қалыптасуы кезеңіндегі ерекшеліктерге назар аударды. Кеңестік кезеңнің даму жолындағы өзгешеліктер, Қазақ мемлекеттілігінің тарихы, атқарушы билік эволюциясы мен саяси институттардың қалыптасуы жайында көптеген тарихи деректерді мысалға ала отырып, заңгер және саясаткер ретінде мемлекет қалыптасуының тарихи заңдылығына мұқият зер салды. Елдің әлеуметтік және саяси тоқырауды еңсеруіне жол ашқан Елбасы бастамаларына кеңінен тоқталды.

*Жалғасы 2-бетте*



Қанат САУДАБАЕВ:
**Дипломатия қазақтың қанында бар қасиет** 3



Нұржамал АЛДАБЕК:
**Шығыстанушылар ұлттық дипломатияның құрылуына зор үлес қосты** 4



**Ауадағы зиянды қалдықтардың қаупі қандай?** 6

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №40 (1822), 6 ҚАРАША, 2021 ЖЫЛ

# «МӘҢГІЛІК ЕЛ» сағат стеласы бой көтерді



*Соңы. Басы 1-бетте*

Шара барысында сөз сөйлеген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев келушілерді бүгінгі айтулы күнмен құттықтап, сағаттың неліктен «Мәңгілік ел» деп аталуын тереңінен түсіндірді. «Мәңгілік ел» сәулет нысандары әлем елдерінде жасампаз жетістіктер мен толағай табыстар құрметіне қойылады. Сондай-ақ патриоттық тәрбие беру, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мақсатын көздейді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мәңгілік ел» идеясында нақтылап көрсеткендей, тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұратына қол жеткізді. Мәңгілік ел болу – біздің басты мақсатымыз. Баршаңызды бүгінгі «Мәңгілік ел» сағат стеласының салтанатты түрде ашылуымен құттықтаймын!» – деп ыстық лебізін білдірді университет ректоры.

Қалашықтан орын тепкен сағат стеласы студенттер жиі жүретін жолға орналастырылған. Бұл бірегей архитектуралық нысан әлемдік деңгейдегі студенттік кампустың ғана емес, Алматы қаласының да көркін арттыра түсетіні анық.

Салтанатты шара арнайы дайындалған концерттік бағдарламамен аяқталды.

**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,**
***мемлекет және қоғам қайраткері, ақын:***

– Құрметті достар! Бүгін, мінеки, тарихи күнде ұстаздар қауымымен, студенттермен жүздесіп отырғаныма өте қуаныштымын. Бүгінгі қуаныш баршамызға ортақ. Себебі мерекелік көңіл күймен төрт көзіміз түгел бас қосып отырмыз. Біз Қазақстандағы университеттердің бірі әрі бірегейі – осы ҚазҰУ-да білім алып, түлегі атандық. Осы қарашаңырақтан түлеп ұшқан әрбір жан, бүгінде, міне, өз саласының шебері болып, мемлекетіне, еліне қызмет қылып, талмай еңбек етіп жүр. «Мәңгілік ел» сағат стеласы баға жетпес уақытымыздың жаршысындай, тоқтамастан альма матер мен Алматының кеудесінде соға берсін!





**Қайрат МӘМИ,**
***ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті:***

– Биыл – ерекше жыл, Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы. Осы жылдар ішінде дамыған Қазақстанның іргетасы қаланды. Мемлекеттің жаңа нысандары бой көтерді. Осы тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміздің экономикасы өсумен қатар, көптеген ЖОО-лар дамыған үстіне дами түсіп, білім саласы жаңа серпін алды. Соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ да, бәріміз куә болғанымыздай, өркендеу үстінде. Бұл сағат стеланың мәні зор. Яғни тәуелсіздігіміз баянды болсын деген ниетпен «Мәңгілік ел» сағаты ашылып отыр.

Университетіміздің заң факультетінің 1985 жылғы түлектері осы бірегей құрылысқа бастамашы болып атсалысқан еді. Бұл ұсынысты Түлектер қауымдастығы толығымен қолдады. Осылайша Түлектер қауымдастығы студенттер мен ҚазҰУ-дың қонақтарына демалуға, серуендеуге қолайлы орта туғызды. Жалпы, Түлектер қауымдастығы үшін университетті безендіру, ғылыми жобалар мен кафедраларға демеушілік көрсету, талантты жастарды стипендиялармен шабыттандыру дәстүрлі тәжірибеге айналды. «Мәңгілік ел» сағаты белгілі бір монументтердің қатарынан табылып, оқу ордасының ғана емес, Алматы қаласының да көркін арттыра түсетініне сенімім мол.



**Әбдірашид ЖҮКЕНОВ,**
***ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:***

– ҚазҰУ – біз үшін қашанда қымбат. Жасарып, жаңарып бара жатқан білім ордасына қараған сайын жастық, студенттік шағымызды еске түседі. Біз осы оқу ордасының қабырғасында оқып, тәлім-тәрбие алдық. Енді, міне, сол бір естеліктер кешегідей көз алдымызда. Ал бүгінде ҚазҰУ-дың күннен-күнге жаңарып келе жатқанына баршамыз куә болып отырмыз. Бұл өскелең ұрпақты келелі келешегі үшін шабыттандыратыны айқын.

**Салтанат БАЙҚОШҚАРОВА,**
***ҚазҰУ-дың құрметті профессоры:***

– Бүгінгі айтулы оқиға – осындағы әрбір жанның есінде қаларлық тарихи сәт. Мен осы білім ордасының түлегі болғанымды мақтан тұтамын. Өйткені бұл университет бір ғасыр бойында сан алуан маман иелерін дайындап, олар ғылым мен білімде тың жаңалықтар ашып, ел абыройын асқақтатты. «Мәңгілік ел» стела сағатының бір кірпішіне болсын үлесім тигеніне бек қуаныштымын.





**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және көрнекті ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбайдың 70 жылдық мерейтойына орай, «Суреткер. Ғалым. Ұстаз» атты кездесу кеші өтті.***

# Қаламгерге құрмет көрсетілді



Кездесуде оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаевтың құттықтауын Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі Анар Салқынбай жеткізді.

Құттықтауда ғалымның оқу орнының қабырғасында жүрген шақтан бастап, қазақ сөз өнерінің барлық жанрында қалам тартып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырғаны, Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеудегі елеулі еңбегі мен шығармашылық жетістіктері айрықша атап өтілді.

Мерейтой иесі өз кезегінде өмірлік мақсаты, түйген тәжірибесімен бөлісіп, кітапқа құштарлығы жайлы әңгімелеп, шығармашылық жолына тоқталды. ҚазҰУ қабырғасында қанатын қатайтып, буыны бекіткен даңқты ұстаздары – Тұрсынбек Кәкішев, Қайыржан Бекхожин, Зейнолла Қабдолов, Тауман Амандосов тағылымын еске алды. Жастарды ұлтына адал, халқына жанашыр болуға үндеді.

# Құқықтық даму мәселелері қамтылды



*Соңы. Басы 1-бетте*

Сонымен қатар көшбасшылық дәрісте нарықтық экономиканың заңдылықтары мен тетіктері, жергілікті өзін-өзі басқару, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамудың қазақстандық моделі тақырыптары жан-жақты қамтылды.

Кездесу соңында студент жастар тәуелсіз Қазақстанның даму жолына қатысты көкейдегі сауалдарын қойып, өз білімдерімен бөлісті.

Дәріс заң факультетінің Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының ұйымдастыруымен жүзеге асты.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

№40 (1822), 6 ҚАРАША, 2021 ЖЫЛ
АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

*Жақында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «30 жылдыққа – 30 апталық» бағдарламасы аясында оқытушы-профессорлық құрам мен студенттер алдында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және сыртқы саясаттағы жетістіктер» деген тақырыпта дәріс оқыдым. Еліміздегі ең көне қарашаңырақ оқу ордасының ұжымымен жүздесу мен үшін үлкен абырой, зор мәртебе. Сондықтан ректор Жансейіт Түймебаевтың шақыртуын қуана құп алып, білім ошағына ерекше толқыныспен келдім. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның өткенінен сыр шерту, естелік айту – жүректі қозғайды, көңілді тербейді.*
*Сол кездесуде айтылған біраз ойымды бүгін қағазға түсіріп, қалың көпшілікпен бөлісуді жөн көрдім.*



**Қанат САУДАБАЕВ,** дипломат, қоғам қайраткері:

# Дипломатия қазақтың қанында бар қасиет

Арада 30 жыл уақыт өткеннен кейін жаңа жасалған әр қадамның заңды, әділ әрі тұрақты болғанына барлығымыздың көзіміз жетіп отыр. Осы күні еске алуға оңай, алайда сол жылдары сын сағатында ел мен жер тағдырына араша тұрып, халық алдындағы теңдессіз жауапкершілікті мойынға алу әсте жеңіл шаруа емес еді. Ішкі-сыртқы саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуал күрделеніп, жағдай тығырыққа тіреле бастағанда еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ауыр жүктің бәрін өз иығына артып, көшбасшылық танытты.




Кеңестік дәуірде Мәскеумен арақатынасымыз басқаша еді. Олар одақтас республикаларды бағып, асырап отырғандай көретін. Сондай бір елең-алаң күндері Нұрсұлтан Әбішұлы мені шақырып алып, Қазақстанның өкілетті өкілі ретінде Мәскеуге жібермек ойы бар екенін айтып, ашық әңгімелесті. Осы күні сол сәт есіме түскенде Елбасының көрегендігіне, стратегиялық тұрғыдағы жасаған болжамына қайран қаламын. Екеуара жүздесуде Нұрсұлтан Әбішұлы жағдайдың мәз еместігін, Одақ шаруашылығының шатқаяқтағанын, келешекте тіпті Кеңес Одағы болмай қалуы мүмкін екенін айтты. Шыны керек, бұл мен күтпеген дүние еді.

Мен, өзі, табиғатымнан эмоционалды адаммын, ойыма не келеді, қандай мәселе мазалайды – бүкпесіз тіке айтатын әдетім бар. Ол кісіге қолымнан не келетінін, қандай шаруаға икемім барын жеткізіп жатырмын. Бірақ болашақта Кеңес Одағы бола ма, болмай ма – ол жағы белгісіз. «Мәскеуге барып, бәрін бүлдіріп келді» деген аты жаман, сол себептен бұл қызметтен бас тартатынымды жеткіздім. Нұрсұлтан Әбішұлы маған сенім артып отырғанын айтты, жарыммен ақылдасуымды сұрады. Мен ыңғай таныта қоймадым. Содан көп ұзатпай өзі менің жұбайыма хабарласты. «Күлеке, Қанат Бекмырзаұлын Мәскеуге аттандырғалы отырмын», – деді. Ол кісі бір ауыз сөзге келместен: «Нұрсұлтан Әбішұлы, Қанат – іне, мен жіппін», – деді. Мен не дейін, осыдан соң «сіз Президентсіз, егер сіз қаласаңыз, маған сенім артсаңыз, көндім» дедім. Міне, осылай менің Мәскеудегі қызметім басталып кетті.

Анығында, Мәскеудегі ахуалды көріп шошыдым. Бір кездері АҚШ-пен иық тірескен алып мемлекет күйреудің алдында тұр еді. Оның соңы Беловеж оқиғасына алып келіп, Нұрсұлтан Әбішұлы өте табандылық танытты. Өзінің позициясын анық білдірді. Қазір оқиғаға қатысы жоқ адамдар естелік айтып, мемуар жазатын болып кетті. Оның бәріне бірдей сене беруге болмайды. Сол кездегі оқиғалардың бәріне тірі куәгер – менмін. Кез келген салада маман тапшы болды. Дипломатияда, сыртқы қатынастарда кәсіби мамандар жоқтың қасы-тын. Осы кезде Нұрсұлтан Әбішұлы менен «Кім бар, қандай талантты, іскер жігіттер бар?» деп сұрайтын. Біз әр министрліктен, әр мекемеден сыртқы саясатқа икемі бар деген жігіттерді тартып, сұрастырып, мінездемесін жазып, Елбасыға ұсынып жүрдік. Алғашқы дипломаттарды осылай тауып, дайындадық.

Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Қансейітұлымен жолымыз осы дипломатиялық қызметте түйісті. Қазақстанның тәуелсіздігін ең бірінші болып Түркия мемлекеті мойындағанын білесіздер. Еліміздің ең алғашқы елшілігі де осы Түркия елінде ашылды. 1992 жылы қазанда Анкарада Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің түсауы кесілді. Сол кездегі Түркияның Президенті Тұрғыт Өзалға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанға шақырған сәлемін жеткізіп, қазақтың ұлттық шапаны мен қылыш сыйлағаным есімде. Сыйлығымызды қабыл алған президент Тұрғыт Өзалдың арқаланғанын көрсеңіздер ғой, «Бауырыма барамын, міндетті түрде Қазақ еліне келемін» деп уәдесін берді. Түркия басшысы өз сөзінде тұрды, ағалық ақ ниетін танытып, тәуелсіздігіміздің алғашқы ауыр жылдарында экономикалық жағынан қол ұшын беріп, көмектесті. Сол кезден бастау алған бауырлас, достық қарым-қатынасымыз бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

1991 жылы, ол кезде әлі КСРО қатарындамыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Семей полигонын жапты. Сол тұста Кеңес Одағы қырық жыл бойы ядролық сынақ жүргізіп келген полигонды жабу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс еді. Осы жерде ерекше атап өткім келетіні – Кеңес Одағынан бізге екі экологиялық катастрофа мұраға қалды. Оның бірі – Арал, екіншісі – осы Семей полигоны-тын. Оған үшінші бір «апатты» қосыңыз. Қазақстан шикізаттың отаны болды, экономикамыздың 93 пайызы – шикізат, тек 7 пайызы ғана өз мұқтажымызға жұмыс істеді. Инфляция ауыздық бермей, 200 пайызға дейін өсті. Басқасын айтпағанда, осы үш «мұрамен» күресу, оларды тығырықтан алып шығу – ауызбен айтуға ғана оңай.

1992 жылы 17 қаңтарда Елбасы Ресей елімен арада еркін тауар айналымы мен қызмет көрсету келісіміне қол жеткізді. Одан кейін өздеріңіз білесіздер, еліміз Кеңес Одағынан қалған ядролық қару-жарақтан бас тартты. Біздің халық бейбітшілікті жақтайды, тыныштықта өмір сүргісі келеді, Тұңғыш Президентіміз ядролық қару-жарақтан бас тарту туралы шешім қабылдап, өте әділ қадам жасады. Сөйтіп, халықаралық қауымдастық бізге, біздің елімізге сенді. Егер басқаша шешім қабылдағанда жағдай қалай болар еді?

2002 жылы Қытаймен, 2005 жылы Ресеймен арадағы шекарамызды белгілеп алдық. Қытай елінің сол кездегі басшысы Цзян Цзэминь Елбасына «Екі ел арасындағы шекараны қазір айқындап алу керек, болашақта бұл мәселе қалай шешілетінін ешкім білмейді, басқа ұрпақ келеді» дегені есімізде. Ал Қазақстан елінің астанасын Ақмола жеріне көшіру туралы шешім шығарғанда, шынын айту керек, Президентке сене қойған адам болған жоқ. Сол кезде Өзбек елінің марқұм президенті Ислам Каримов Нұрсұлтан Әбішұлына: «Мұндай шешімге келіп жатқаныңызға қарағанда, сіздің жүрегіңіз аттың басындай болу керек», – деп еді. Себебі сол тұста елдегі жағдай тым күрделі-тін. «Әлеуметтік-экономикалық ахуал асқынып тұрғанда ел астанасын қайтіп көшіреміз?» деген ой бәрімізде болды. Арада көп уақыт өтпей-ақ бұл қадамның да саяси-экономикалық жағынан стратегиялық мәні зор екеніне көзіміз жетті.

Ал 2010 жылы Астанада өткен ЕҚЫҰ саммиті ше? Қазақстан бұл мақсатқа жету үшін әлемдік қауымдастықпен үш жыл бойы жұмыс жүргізді. Туған топырақта 55 елдің басшысын қабылдау қандай ғанибет десеңізші. ЕҚЫҰ саммиті Қазақстанның саяси аренадағы салмағын айқындап берді.

Айта берсек, тарихи оқиға өте көп. Бүгінгі күні оған лайықты баға беріліп жатыр, әлі де беріле бермек. ҚазҰУ-ға баруға дайындалып отырғанымда, ұлым телефон шалып, «Әке, не істеп жатырсыз?» – деп сұрады. Мен ҚазҰУ-дың оқытушылары мен студенттеріне дәріс оқитынымды, кездесуге баратынымды айттым. Сол кезде ұлым: «Әке, есіңізде ме, Йель университетіндегі бір кездесуде сізге елдегі коррупцияға қатысты сұрақ қойып еді ғой, сол кезде сіз қалай жауап береді екен деп, денем мұздап кетіп еді. Ал сіз ұтымды жауап айтып, көпшілікті риза қылып едіңіз», – дегенде, есіме сол кездесу оралды. Мен Қазақстанның АҚШ-тағы төтенше және өкілетті елшісі болып жүргенімде бірде Йель университетіне кездесуге бардым, сонда ұлым залда отыр еді. Жемқорлыққа қатысты сауал қойылды. Мен: «Біз өзімізше жақсы өмір сүріп жатыр едік. Капиталистер келді де, бәрін құртты», – дедім. Залдағылар ду күлді. Мұндағы ойым – «коррупцияның түп-төркіні өздеріңізде, тамырын өздеріңнен іздеңіздер» дегенім ғой.

Иә, Қазақстанның отыз жылғы дамуы, жетістігі көз алдымызда тұр. Ол – мемлекеттің тарихы, шежіресі. Біз қолымыздан келгенін істедік. Енді жас ғалымдар бүгінгідей бәсекеге ден қойған заманда бізден де мықты, бізден де үздік, бізден де білімді болулары керек. Өйткені қазір заман басқа, заң басқа. Қазақстанның ендігі болашағы жастардың қолында. Елді, жерді сүю – тәрбиеден. Патриотизмді шыңдаған жөн. Болашақта жойқын бәсекеге төтеп беретін мықтылар ғана елді алға сүйрейді. Міне, қазіргі буынның алдында осындай мақсат-міндет тұр. Сол үдеден шығу үшін бізге аса білімдар ұрпақ қажет.

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
№40 (1822), 6 ҚАРАША, 2021 ЖЫЛ

***Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаттағы стратегиясының басым бағыттарының бірі – шығыстық, яғни азиялық бағыт. Еліміздің геосаяси жағдайына орай қалыптасып отырған сыртқы саясаттағы және сыртқы экономикалық қызметтердегі шығыстық бағыттың басымдыққа ие болуы заңды құбылыс. Әлемдік деңгейде де біртіндеп евроцентризмнен шығыстық бағытқа бет бұру үрдісі белең алуда. Шығыс үдемелі түрде дамып отырған демографиялық және экономикалық қарқынымен ғана емес, сарқылмас ғылыми ілімдердің де ошағы ретінде өзіне тартуда.***



**Нұржамал АЛДАБЕК,** шығыстану факультетінің профессоры, т.ғ.д.

# Шығыстанушылар ұлттық дипломатияның құрылуына зор үлес қосты

Елбасымыздың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында ендігі меже – тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі дамыған ТОП-30 мемлекеттердің қатарына қосылу екені көрсетілген. Қазақстанның әлемнің ең дамыған, өркениетті, алпауыт мемлекеттер қатарына қосылуы үшін еліміздің жарқын болашағының кепілі, өркениетті елдің кемел келбеті, тәуелсіздік тұғырын нық ұстайтын білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеу – қазіргі буынның, білім беру саласы қызметкерлерінің қасиетті міндеті, парызы.

Шығыстану ғылым және білім саласы ретінде алғаш рет Еуропадағы отаршылдық дәуірінің басталу кезеңінен пайда болған. Шығыс елдерін отарлау мақсатындағы практикалық мақсаттардан туындаған алғашқы қарапайым ілімді игеруден біртіндеп ғылыми зерттеу және білім саласындағы тілді игеру салаларын дамыту дүниеге келді. Сол кезден бастап батыстың отаршыл елдерінің бірқатарында шығысты зерттеу орталықтары қалыптасты. Отаршылдар шығыс қоғамына қатысты құнды дерек көздерін, кітаптарды елдеріне алып кетіп, соның негізінде батыс елдерінде зерттеулер жасалып, бай дерек қорлары мен кітапханалар, зерттеу орталықтары пайда болды.

Қазақ халқы үшін шығыстану, оның тілдерін білу, мәдениеті және әдебиетімен таныс болу бұрынғы замандардан бар үрдіс. Ертерек замандардағы қазақ даласынан шыққан ғұламаларды айтпағанның өзінде, бергі замандардағы Абай, Шәкәрім, Шоқан сияқты ғұламаларымыз шығыстың бірнеше тілін біліп, шығыс ғұламаларының шығармаларымен таныс болған, оларды қазақшаға аударған.

Қазақстанда шығыстану білім беру саласы ретінде өзінің дербес дамуын тек тәуелсіздіктің сәл алдында, 1989 жылы біздің университетте шығыстану факультетінің дүниеге келуінен бастау алады. 1994 жылы шығыстану факультетінің алғашқы түлектері қанат қақты.

Шығыстық бағытты басты назарға ала отырып шығыстану факультеті осы жылдар ішінде шығыс елдерінің тілі мен әдебиетін, діні мен ділін, тарихы мен саясатын, қоғамы мен экономикасын зерделеген мыңдаған түлектерін даярлап шығарды. Университетімізде педагогтардың Әбсаттар Дербісәлі, Кеңес Қожахметұлы, Әбдіғали Шәпеков, Мәрзия Мәженова, Гүлжан Рамазанова, Клара Таджикова, Өтеген Күмісбаев, Гүлнар Надирова, Герман Ким т.б. ұстаздардың қазақстандық шығыстанушылар мектебі қалыптасты. Олар құлшынысқа толы, жігерлі де патриоттық сезімдері жоғары жастардың маман ретінде қалыптасуына, ұлттық дипломатиямыздың құрылуына зор үлестерін қосты. Бұл ұстаздар шығыс елдерінің тілі мен әдебиетін, тарихы мен саясатынан дәрістер оқып, жан-жақты білім беруге тырысты. Сондай-ақ сол кездегі шығыстанушы маман педагогтардың тапшылығына орай, университетке шығыстанушы орталықтарда білім алып, түрлі салада қызмет атқарып жүрген Бахтияр Тасымов, Мұхтар Тілеуберді, Бағдат Әміреев, Сайлау Батыршаұлы, Ақылбек Камалдинов, Асхат Оразбай сияқты шығыстанушы мамандар жұмысқа шақырылды. Олардың барлығы дерлік кейін қазақстандық дипломатияның, сыртқы саясаттың бүкіл бір дәуірін қалыптастырған тұлғаларға айналды. Шығыс елдерінің тілдері, мәдениеті мен саясаты туралы еңбектер жазды. Дипломатиялық қызметте жүрсе де, педагог ұстаз деген қасиетті қызметін ұмытпастан шәкірттерінің қызметте шыңдалуына үлес қосып, қазақстандық дипломатия мектебін қалыптастырып келеді.

Сапалы дипломат кадрларды даярлауда ұстаздар жас маманның бойына жан-жақты терең білімді, жаңа жағдайларға тез бейімделе білу дағдысын, жылдам әрі салмақты шешімдер қабылдай білуді, мәселелерді мемлекеттің сыртқы саясат доктринасына қайшы келмейтіндей етіп шеше білуді үйретуге тырысты.

1994 жылы шығыстану факультетінің шығыстану бөлімін бітірген алғашқы түлектердің дені мемлекеттік қызметтерге алынып, жас тәуелсіз еліміздің заманауи мемлекет ретінде қалыптасуына олар да кірпіш болып қаланды. Олардың барлығы дерлік тәуелсіз мемлекетіміздің әртүрлі салаларындағы – СІМ, ҰҚК, кеден, шекара, коммерциялық құрылымдарға қызметке кетті. ҚР СІМ-де алғашқы қызметтерін қарапайым кіші қызметкер мен тілмаштықтан бастаған олар қазір біздің мақтанышымызға айналған, маман ретінде өздерін толық таныта білген азаматтарға айналды. Олардың қатарында Қазақстанның Азия және Африка елдеріндегі төтенше және өкілетті елшілері Қайрат Лама Шариф, Азамат Бердібай, Берік Арын, Ержан Мұқаш, Арман Исағалиев, Бақыт Батыршаев сияқты түлектеріміз Араб елдерінде, Шахырат Нұрышев, Ғабит Қойшыбаев ҚХР-да, Ерлан Әлімбаев Үндістан Республикасында ҚР төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарды. Қазіргі күнде Шахырат Нұрышев СІМ бірінші орынбасары, ал Ерлан Әлімбаев СІМ орынбасары қызметтерін атқаруда, жапонтанушы Батырхан Құрмансейіт қазір СІМ төтенше тапсырмалар жөніндегі арнайы елші, қытайтанушы Нұрлан Аққошқаров Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы Қазақстанның арнайы тұрақты өкілі қызметтерін атқарып отыр. Бұдан басқа да СІМ, ҰҚК т.б. мемлекеттік қызмет саласында абыройлы түлектеріміз жетерлік. Ғылым мен білім саласында қаншама түлектеріміз еңбек етуде. Міне, бұл тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан қазақстандық шығыстанушылар.

Отыз жылдан астам тарихы бар шығыстану факультеті осы жылдар ішінде ғылыми кадрларды даярлауда өз үлесін қосып келеді. Ғылым мен білім беру саласында да алғашқы түлектеріміз шығыс тілі мен әдебиетінен, тарихы мен саясатынан дәріс беріп, әрі өздерінің ғылыми ізденістерімен жетістікке жете бастады. Қазір ғылым докторлары мен кандидаттары және жаңа форматтағы философия докторы (PhD ) дәрежесіне ие болғандар саны жыл сайын артып келеді. Шығыстану мамандығы бойынша шығыс елдерінің филологиясы, тарихы, саясаты, сыртқы саясаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қоғамдық өмірі туралы зерттеу жүргізіп, еңбектерін жариялай бастады. Ғылыми зерттеу бағыттары Қазақстанның сыртқы саясат доктринасын қалыптастыруға, халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін сараптауға септігін тигізер еңбектер деуге толық негіз бар.

1996 жылы елімізде Ғылым академиясы жанынан Шығыстану институты ашылды. Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі шығыстанулық зерттеулердің дені осы институт арқылы жүруде. Академиялық ориенталистиканың бір саласы – шығыс археографиясымен белсенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырған бұл ұйымның тындырғаны айтарлықтай көп. «Мәдени мұра» бағдарламасына белсене үн қосып, соның арқасында шетел мұрағаттары мен кітапханаларында жинақталған қазақ тарихына қатысты материалдарды тауып, оны талдап, саралап, ғылыми аударма жасап халыққа ұсынды, бұл жұмыс әлі де жалғасуда. Ал шеті ойылмай жатқан тарихи мұраларымыз әлі де жетерлік. Шетелдік тарихи құжаттар қоры мен кітапханаларда зерттеуін күткен дүниелер қаншама. Ол үшін жүйелі де мақсатты бағдарлама құрып, мемлекеттік қолдау арқылы осы тарихи мұраларымызды зерделеу кезек күттірмейтін мәселе.

Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттердің бірі – егемен Қазақстан аймақтағы көшбасшы елге айнала отырып, бүгінде өзінің шынайы тарихын қалыптастыруда және әлемнің көптеген елдерімен белсенді қарым-қатынас ұстануда. Қазақстанның шығыс елдерімен өзара қарым-қатынастарын, шығыстың мәдениеті мен экономикасын, тіпті қазақтардың өз төл тарихын зерттеп, зерделеуі үшін де шығыстанушы мамандарға деген сұраныс әсіресе қазіргі таңда аса қажет деп есептейміз.

Шығыс елдерінің қазіргі кезеңдегі жаһандану мен әлемдік шаруашылық-саяси жүйеге қарай интеграциялану дәуіріндегі олардың тарихының іргелі мәселелерін саралау, сондай-ақ қазіргі замандағы шығыс елдерінде жүріп жатқан тарихи-саяси үрдістерді олардың тарихи тәжірибесі мен өркениеттік ерекшеліктерін ескере отырып, соған сәйкес, шығыстанушылардың кәсіби түсініктерін қалыптастыру ғалымдардың алдында тұрған жауапты міндет.

Кез келген мемлекет басқа елдің тарихын зерттеуге өз елінің мүддесі тұрғысынан қарайды. Әлемдегі шығысты зерттеуге бет бұрыс немесе ориентализм ғылым және білім саласы ретінде дамуы отаршылдық заманынан бастау алғанын жоғарыда айттық. Батыс пен ресейлік ориентализм осы мақсатта пайда бола отырып, бүгінге дейінгі кезеңде ірі-ірі классикалық ғылыми мектептер қалыптастырып, адамзат игілігіне аса бай зерттеулер мен құнды деректер топтамасын қалыптастырды. Шығыс елдерін зерттеу ісі бұл елдерде қазіргі таңдағы әлемдік геосаяси жағдайларға, заманның даму бағытына орай жаңа сипатпен дамуын жалғастыруда. Сондай-ақ шығыс елдерінің өздерінде де отарсыздану дәуірі басталғалы бері дербес тың зерттеулерін дүниеге әкелуде. Шығыстану ілімі туралы отаршылдық сипаттағы еңбектерден, қасаң тұжырымдардан өзгеше, дербес шығыстық сипаттағы теориялар мен концепциялар қалыптастыруда, яғни шығысты шығыстық көзбен зерделеу белең алуда.

Ал тәуелсіз Қазақстанның шығыс елдерін зерттеудегі негізгі міндеті – қазіргі әлемде қалыптасып отырған геосаяси жағдайды еске ала отырып, Қазақстанның мүддесі тұрғысынан зерделеу мәселелерін айқындау. Мысалы, Қытаймен ғасырлардан бері тарихи байланыстардың түрлі кезеңдерін бастан өткере отырып, еліміз қытайтану ғылымы мен білімін жан-жақты дамытуға мүдделі. Тәуелсіз Қазақстанның шығыстағы алып көршісі – Қытай қоғамының қазіргі кезеңдегі дамуы әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси салаларындағы елеулі өзгерістері әлем назарын өзіне аударып отыр. Қытай XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап, Дэн Сяопиннің реформалық саясатын табысты жүргізу нәтижесінде қазіргі күнде «әлемнің екінші экономикасы» деген атқа ие болып отыр. Жаһандану үрдісі қытайлық қоғамның дамуына айтарлықтай ықпал етуде. Қытайлық социализмді ұтымды жүргізе отырып, социалистік Қытай дамудың өзіне тән жаңа қытайлық моделін қалыптастыруда. Сондықтан бұл елдің қоғамдық дамуы мен саяси жаңаруының ерекшеліктерін айқындау біз үшін өте маңызды. Ең бастысы, Қытай біздің елдің ғасырлар бойы тағдыр қосқан көршісі. Қытаймен байланыстарымыз ежелгі заманнан келе жатыр, ал қазіргі күнде бұл тіпті өзекті. Екі ел арасындағы стратегиялық, саяси, сауда-экономикалық байланыстар дамуда. Сондықтан Қытай елін жан-жақты зерделеудің қаншалықты қажет екені айтпаса да түсінікті.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда шығыстану ғылым саласы ретінде де, білім беру саласы ретінде де даму үстінде, еліміздің ішкі-сыртқы саясатының мүддесінен шығатын, еліміздің бет-бейнесін сырт елдерге таныта алатын мамандар баршылық. Тек оларға барынша мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, олардың білім мен ғылыми зерттеу саласындағы талпыныстарына бағыт-бағдар беріп отырсақ, еліміздің шығыстанушы мамандары шетелдік әріптестерімен терезесі тең дәрежеде өздерін көрсете алары сөзсіз.

№40 (1822), 6 ҚАРАША, 2021 ЖЫЛ • АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Халық көтерілістеріне құқықтық баға берілуде

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 жарлығы тарихымызда орын алған әділетсіздіктерді объективті тұрғыда қалпына келтіруге жол ашты.***

Бұл мемлекеттік деңгейдегі өте жауапты әрі маңызды шара бойынша арнайы мемлекеттік комиссия құрылып, жұмыс істеп жатыр. Мемлекеттік комиссия құрамында ҚР Президенті Әкімшілігі мен Үкімет өкілдері, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мүдделі мемлекеттік ұйымдардың басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен еліміздің осы салаНЫ зерделеп жүрген танымал ғалымдары бар. Сонымен қатар республикамыздың 17 аймағында өңірлік комиссиялар құрылып, қазіргі кезде нәтижелі жұмыс атқарылып жатыр.

Осындай мемлекеттік деңгейдегі жауапты науқанға еліміздің жоғары білімі мен ғылымының қарашаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы да белсенді қатысып, өз үлесін қосуда. Университет ректоры Ж.Қ.Түймебаев мырза мемлекеттік комиссияға қатысатын профессор-оқытушыларды жүйелі түрде жинап, келелі мәселелерді қозғап, жанжақты қолдап отыр. Сонымен қатар жұмыс тобының мүшелеріне үкімет тарапынан да қосымша материалдық көмек көрсетіледі. Қазір ғалымдарымыз сонау 20-30 жылдан бастап елімізде саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар мен тергеусіз-сотсыз, ең бастысы – заңсыз жазаланғандар мен атылып кеткен азаматтарымызды толық ақтау бойынша еліміздің түкпір-түкпірінде мұрағаттарда еңбек етуде.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қос революциядан кейін билік басына келіп, өз билігін орнатқан Кеңес өкіметі тұсында еліміздің тартқан тауқыметтері жетерлік. Соның бірі – 1929-31 жылдарда орын алған халық көтерілістері. Оның экономикалық, саяси және демографиялық салдары, зардабы өте ауыр болды. Еліміздің бүкіл аумақтарында стихиялы түрде жаппай орын алған шаруалар көтерілістерінің негізі, басты себептері тереңде жатқан болатын. 1927 жылы Кеңес партиясының XV съезі болып өтті. Онда елді ұжымдастыру туралы шешім қабылданды. Аталған саяси науқан 1929 жылы И.Сталиннің «Правда» газетіндегі «Ұлы бетбұрыс» атты мақаласынан кейін жаппай басталып кетті. 1928 жылы Қазақ АКСР атқару комитеті мен халық комиссарлар кеңесінің «Бай шаруашылықтарын тәркілеу» жөніндегі атышулы қаулысы жарық көрді. Осы қаулының негізінде еліміздегі байлар мен ауқаттылардың мал-мүліктері тәркіленіп, жазықсыз



саяси қудалауға ұшырап, көпшілігі атылып кетті.

Күштеп ұжымдастыру Кеңес өкіметіне қарсы жаппай бас көтеруге тек негіз болды. Оның астары тереңде жатқан болатын. Бірнеше ғасыр Ресейдің империалистік езгісінен зиян шеккен халқымызға өз саяси тәуелсіздігіне қол жеткізу үлкен мақсат еді. Патшалық Ресейдің езгісінен кейін кеңестік билік сол бұрынғы империалистік саясатты ары қарай жалғастыра берді. Соның себебінен қазақ шаруалары жер-жерде кеңестік билікке қарсы бас көтерді. Сондай ірі көтерілістердің бірі Бетпаққара көтерілісі болды. Бүгінде көптеген ғалымдарымыз осы көтерілістің саяси себептері мен салдарын зерттеп, көптеген мақалалар жариялады. Оған қатысушылар мен ұйымдастырушылар анықталып, оларды толық ақтау науқаны жүріп жатыр. Біздің жұмыс тобымыз Алматы қалалық полиция департаментінің және Орталық мемлекеттік мұрағаттарында олардың жеке істерін саралап, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Көтерілістің басталуына 1928 жылдың қыркүйек-қараша айларында жүргізілген кәмпескелеу науқаны себеп болды. Қазақ АКСР ОАК-нің шешімімен мұнда көптеген байлар мен ауқаттылардың мал-мүліктері тәркіленді. Саяси науқан барысында байлардың отбасылары, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Есболовтың, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі Ә.Жанбосыновтың серіктері мен балаларының әділетсіз қуғындалып, абақтыға жабылуы жергілікті халықтың ашу-ызасын тудырды. Көтеріліс басталған кезде Бетпаққараның өзінде ғана РКФСР Қылмысты істер кодексінің 58-бабы бойынша «контра», «ұлтшылдар», «алашордашылар» деген айыптармен көптеген адам жазықсыз қамалды.

Қазір біз Бетпаққара көтерілісіне қатысушылардың жеке істерін зерттеп жатырмыз. Бақылау ісі үш том. ОГПУ органдарында есепте тұрған Сейдахмет Тұрғымбеков, Бәйкен Айдаболов, Сұлтан Ерғазыев, Байтмұхамед Құлтанов, Бекмағамбет Әміров, Атқұрмай Бейсембаев, Әлмағамбет Сауырбаев, Әбдірахман Дүйсенов, Байтұрсын Адырбаев, Ахмет Әбдиев, Әлшағыр Байжанов, Әбділдә Балтабаев, Баймағамбет Секібаев, Байқадам Қаралдин, Мырза Сатыбалдин, Мұхамеджан Исмайлов, Қабылов, Әбіш Баймұратов, Ибраев, Ахметжан Ғаббасов, Омар Бармақов, Мағзұм Исенбаев, Нұрман Малаев, Тілеуқабыл Жанділдин, Шопыбай Баймұратовтың тергеу істері зерттелуде.

Егер бұл адамдардың басқа да қылмыстарға қатысы жоқтығы анықталса, жұмыс тобының ғылыми қорытындысы негізінде толық ақтау үшін тиісті мемлекеттік органдарға тізімі жіберіледі.

**Уәлихан АХАТОВ,**
*заң факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары*

---

***Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, биология ғылымының докторы, профессор Наштай Мұхитдиновтың қазақ ғылымына сіңірген еңбегі орасан. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының ұлағатты ұстазы әлі күнге білгенін шәкірттерге үйретуден жалыққан емес.***

# Шәкірт тәрбиелеудің шебері

Наштай Мұхитдинұлы 1941 жылы 30 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы Қараспан ауылында дүниеге келген. 1948-55 жылдары Шымкент облысы Арыс ауданы Жамбыл атындағы совхоздың жетіжылдық мектебінде білім алған. Одан әрі оқуын Шәуілдір ауданы «Көксарай» совхозының орта мектебінде жалғастыруға тура келді. Шымкент қаласындағы бухгалтерлер курсын 1960 жылы тәмамдап, Арыс ауданы Жамбыл атындағы совхозда бухгалтер болып жұмыс істеді.

1961 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне оқуға қабылданды. 1963 жылдан бастап сол факультетте лаборант болып жұмыс істеді. Осы жылдары академик И.Байтулиннің жетекшілігімен ризология бойынша өзінің бірінші ғылыми жұмысын жауапкершілікпен атқарып шықты. Н.Мұхитдиновтың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға академик ұстазы зор ықпалын тигізді. Осылайша ғалым 1966 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың биология факультетін «Ботаника» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1970 жылы «Ақтөбе облысының сортаң және сортаң топырақтарындағы өсімдіктердің тамыр жүйесі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, ассистент, аға оқытушы атанды. 1977 жылдан бастап доцент болып қызмет етті. 1980-83 жылдары Н.Мұхитдинов биология факультеті деканының орынбасары, 1983-88 жылдары оқу ордасындағы ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі проректордың орынбасары болды.

1996 жылы «Өсімдіктердің тамыр жүйесінің экологиялық-морфологиялық ерекшеліктері» тақырыбында докторлық диссертация қорғаса, 1995-2000 жылдары биология факультетінің деканы ретінде еңбек етті. Факультетті басқарып тұрған кезінде «Геоботаника» және «Медико-биологиялық іс» мамандықтары ашылуына атсалысқан. 1989-2005 жылдарға дейін Ботаника кафедрасын басқарды. Сол уақытта Наштай Мұхитдинұлының бастамасы бойынша кафедраның өндірістік және дипломалды практикаларын өткізуге арналған стационар сатып алынды. Қазақстан Республикасы ҰҒА Ботаника және фитоинтродукция институтының базасында кафе-



драның филиалы ашылды. 1995 жылы оған ҚазМУ профессоры, ал 1997 жылы МАК профессоры атағы берілді.

Наштай Мұхитдинов университетте жұмыс істеген уақытында өзін жоғары білікті педагог және ғылыми қызметкер ретінде көрсете білді. «Өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы», «Қазақстан биоресурстары», «Биогеоценология» жалпы курстарын және «Өсімдіктер ценопопуляциясы», «Фитоценология», «Ризология», «Дәрілік өсімдіктер» арнайы курстарын оқиды. Студенттердің дипломдық жобалары мен курстық жұмыстарына жетекшілік етіп, оқу сабақтарының барлық түрлерін жоғары әдістемелік деңгейде өткізеді.

Ол Қазақстанның тіршілік ету ортасының кең экологиялық спектрінде – сортаңдарда, сондай-ақ Іле Алатауының альпілік, субальпілік бұталы, түрлі шөпті аймақтарында алғаш рет өсімдіктердің 160 негізгі доминантты түрлерінің морфоқұрылымын талдады.

Н.Мұхитдинов академик И.Байтулинмен бірге алғаш рет өсімдіктердің ерекше экологиялық түрін – факультативті және міндетті галоидофиттерді анықтады. Әртүрлі топырақ-климаттық жағдайлардағы тамыр жүйелерін және әдеби деректерді кеңінен зерттеу негізінде ризологиядағы тұжырымдамалық аппарат жасалды.

Докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін Наштай Мұхитдинов Ақтау қаласында педагогикалық және ғылыми қызметін жалғастырады. Соңғы 10 жылдан астам уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын бірнеше ғылыми бастамаға жетекшілік етті. Н.Мұхитдинов «Ботаника» мамандығы бойынша Докторлық диссертациялық кеңестің мүшесі, университеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі болды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «ҚР халыққа білім беру үздігі», «Үздік оқытушы» атағымен марапатталған.

Ғалымның жетекшілігімен екі биология ғылымының докторы, жиырмадан астам биология ғылымының кандидаты, «Геоботаника» мамандығы бойынша екі PhD докторанты ғылыми атақтарын қорғап шықты.

Халық даналығы айтқандай, «Ілім үйреніп, одан соң оны басқаларға үйретпеу – мол дүние жиып, оны керегіне жаратпай, көміп қойғанмен бірдей».

Профессор Наштай Мұхитдинов шәкірт тәрбиелеуден еш жалықпай, бүгінгі таңда «Геоботаника» мамандығы бойынша 10-нан астам PhD докторанттарға жетекшілік жасауда.

Факультет ұжымы Наштай Мұхитдинұлын 80 жылдық мерейтойымен құттықтайды! Зор денсаулық, ұзақ әрі бақытты ғұмыр тілеп, ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін деген ыстық ықыласымызды жеткізсек дейміз. Мерейіңіз әрқашан үстем болсын!

**М.ҚҰРМАНБАЕВА,**
*Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор*

**Ә.МАМЫРОВА,**
*б.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
№40 (1822), 6 ҚАРАША, 2021 ЖЫЛ

***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті БҰҰ-ның тұрақты дамуға арналған «Академиялық ықпал ету» бағдарламасының жаһандық хабын басқарады. Сондықтан оқу ордасы халықаралық академиялық қоғамдастықты БҰҰ қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға шақыруда. Соның бірі – қоршаған ортаны қорғау.***

# Ауадағы зиянды қалдықтардың қаупі қандай?

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған дөңгелек үстел өткізді. 1972 жылы БҰҰ бекіткен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні – табиғат мәселелеріне әлем назарын аударудың бір жолы. Шараны БҰҰ-ның Қазақстандағы ақпараттық кеңсесінің қолдауымен университетіміздегі Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты ұйымдастырған. Форумда сөйлеген сөзінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев күн өткен сайын экологияның нашарлай түсуі қазіргі таңда жаһандық мәселеге айналғанын атап өтті. Адамзаттың табиғатқа қарсы жасалған әрекеттері экожүйенің бұзылуына сеп болып, орны толмас шығынға ұшыратуда.

ҚазҰУ жанындағы Биосфера экологиясы лабораториясының қызметкерлері «Қалалардағы атмосфералық ауада кездесетін органикалық ластағыштардың шоғырлануын хроматографиялық әдістермен мониторингілеудің жартылай автоматты станциясын әзірлеу» жобасын жүзеге асырады. Оның шеңберінде Алматыдағы БТЭК (бензол, толуол, этилбензол және кислот) секілді ауаны ластаушы заттардың деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді. Қалада I топтағы канцероген саналатын бензолдың орташа концентрациясы 2016 жылы 53 мкг/м3 болған, ал сол жылы ең жоғары концентрация мөлшері 237 мкг/м3 деңгейінде. Бұл Нью-Дели, Каир және Рим сияқты қатты ластанған қалалардың деректерімен сәйкес. Демек, осы заттарды үнемі бақылауда ұстау қажет.

Доктор Насиба Байматова Ph.D. диссертациясы аясында Алматы ауасында жиі кездесетін 16-ға жуық полициклді хош иісті көмірсутектер, қатты бөлшектердегі ауыр металдар және бейорганикалық тұздар анықтаған болатын. Нәтижесінде уытты қосылыстардың, әсіресе полициклді хош иісті көмірсутектердің жоғары концентрациясын көрсетті. Ал ауадағы БТЭК мөлшері максималды рұқсат етілген концентрация нормасынан аспаған. «Бір ескеретін мәселе – бұл нормалар әлдеқашан ескірген» дейді мамандар. Өйткені адам денсаулығына қаншалықты зиян келтіріп отырғанын көрсетуге қауқарсыз. БТЭК улы қосылыстарымен ластанған 20 қаланың ішінде Алматы 8-орында. Ал бензолмен ластану деңгейі бойынша қаламыз үшінші орында тұр. Бұл арнаулы әдіснама арқылы анықталған деректер.

ҚазҰУ жанындағы Физика және химиялық әдістерді зерттеу мен талдау орталығына қарасты Биосфера экологиясы зертханасы осы бағытта көптеген жобаларды жүзеге асырды. Қазіргі таңда лаборатория қызметкерлері «Заманауи аналитикалық әдістер мен модельдеу құралдарын пайдалана отырып, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы ауа сапасын жақсарту» бойынша ғылыми-зерттеу бағдарламасын әзірлеген. Жоба шеңберінде мамандар атмосфералық ауаны талдаудың нақты әдістерін қолдануды ұсынып отыр. Зертхананың жетекші ғылыми қызметкері Насиба Байматованың айтуынша, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы ауаны ластаушы көздердің үлесін зерттеу үшін PM2.5 химиялық талдауы мен рецепторлық моделі қолданылады. PM2.5 талдау үшін бес түрлі фильтр пайдаланылады: 1) металдар, 2) бейорганикалық аниондар мен катиондар, 3) полициклді хош иісті көмірсутектер, 4) органикалық және элементтік көміртегі (OC/EC) және 5) нитраттардың жоғалуы. Зертханада OC/EC анализаторын (бағдарламаның бөлігі ретінде сатып алынады) пайдалана отырып, термиялық/оптикалық әдіспен жүргізіледі.

PMF (Positive matrix factorization – оң матрицалық факторизация) ластану көздерін анықтау үшін рецепторларды модельдеу әдісі ретінде пайдаланылады. PMF – көпайнымалы факторлық талдау әдісі. Онда тапсырмаларды шешу үшін ең кіші квадраттар әдісі қолданылады. ҚазҰУ-ға қарасты Биосфера экологиясы зертханасында Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының ауа үлгілеріндегі органикалық ластаушы заттардың массалық концентрациясы анықталған. «Зерттеу термиялық десорбциямен бірге масс-спектрометриялық анықтаумен газ хроматографиясын қолдану арқылы жүзеге асырылады» дейді мамандар.

Сондай-ақ Қазақстанның аталмыш қалаларындағы ауа ластаушы заттардың концентрациясының кеңістіктегі және уақытаралық өзгерістері талданады. Жұмыс барысында «Қазгидромет» жерүсті бақылау станцияларының ұлттық желісінің деректері немесе www.airkaz.org веб-сайтындағы деректері пайдаланылады.




– PMF модельдеу нәтижелері бойынша Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы PM2.5 бөлшектерінің ластаушы көздерінің үлесі бағаланады. Сондай-ақ ауадағы әртүрлі ластаушы заттардың концентрациясына бағалау жүргізілетін болады. Өлім-жітім, аурушаңдық және экономикалық залалдың мәндері бағаланады. Ластану көздерін анықтау және атмосфералық ауаны жақсарту бағдарламасы одан әрі Қазақстанның басқа да қатты ластанған қалалары үшін қолданылуы мүмкін. Бұл бағдарламаның нәтижелері жекелеген қалалар үшін ауа сапасы бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспарын құруға негіз бола алады, – дейді ҚазҰУ жанындағы Биосфера экологиясы зертханасының жетекші ғылыми қызметкері Насиба Байматова.

Бағдарлама нәтижелері стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың кейбір тармақтарын шешуге мүмкіндік береді. Мәселен, Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Ғылымның әлеуетін күшейту» тармағы. Екіншіден, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы, яғни 3.6-бөлім «Атмосфераның ластануын азайту». Үшіншіден, «Қазақстан 2050» стратегиясы, 4-тарау «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі».

Ауаның ластануы, әсіресе қалалық жерлердегі атмосфераға таралып жатқан зиянды қалдықтар – ең өткір мәселенің бірі. Бұл экожүйенің бұзылуына, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда зиян келтіреді. Еліміздің ірі қалаларындағы ауаның ластану деңгейі тым жоғары. Дүниежүзілік банктің 2013 жылғы зерттеулерінде мамандар халықтың аурушаңдығы мен кейбір экономикалық шығындардың түп-тамырын осы мәселемен байланыстырған. Ал IQAir рейтингінде 2019 жылы Қазақстан ластану деңгейінің орташа жылдық концентрациясы бойынша әлемде 29-орынды иеленді. Қыста Нұр-Сұлтан қаласы әлемнің ең ластанған қалаларының ондығына кіреді (IQAir, 2020).

Еліміздегі ауа сапасының деңгейі БАҚ-та кеңінен талқыланып келеді, алайда рецензияланған зерттеулердің саны шектеулі. Ауаның ластану көздері электр стансалары мен үйлерде көмір жағу, ауыр өнеркәсіп, көлік, топырақ шаңы, құрылыс алаңдары, ауыл шаруашылығы және т.б. болуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстан қалалары үшін осы бағыттағы арнаулы зерттеулерін көзіміз шалмады. Десек те, еліміздегі 13 мың халқы бар бір ғана Курчатов қаласы үшін зерттеу жүргізілген екен.

Ауадағы PM2.5 бөлшектерінің көбеюі адам денсаулығына жағымсыз әсер етеді. Атап айтқанда, бұл көптеген жүрек-қантамыр, өкпе ауруларына және соның салдарынан өмір сүру сапасының төмендеп, тіпті мерзімінен бұрын қайтыс болуға себепкер болуы мүмкін. Әсіресе балаларды осы мәселенің зардабынан құтқара алмайтындай халге жеттік. Өйткені ластанған ауа өкпенің жұмысына, мидың дамуына теріс әсер етіп, ақыл-ойдың дамуын тежейді. Ал егде жастағы адамдарда деменция қаупі жоғарылай түседі.

Осы тұста «Неліктен 2.5 мкм?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Өйткені көлемі 2,5 микрометрден аз барлық бөлшектер мен тамшылар ауада қалқытап жүреді. Олар орманда да, теңізде де кездеседі. Бірақ ең үлкен қауіпті аумақ – қалалық жер. Біріншіден, әдетте қалада олардың концентрациясы жоғары болса, екіншіден, қаладағы ұсақ дисперсті аэрозольдің (PM2.5) химиялық құрамы табиғи ортамен салыстырғанда қауіпті. Сондай-ақ ауаны ластаушы үлкен бөлшектерге қарағанда PM2.5 бөлшектері адам ағзасын бөгде заттардан қорғаушы биологиялық кедергілерден оңай өтіп кетеді. Осылайша ағзаның толыққанды жұмыс жасауына үлкен қауіп төндіреді.

Әртүрлі қалаларда PM2.5 аэрозолінің құрамы да, жеке бөлшектердің параметрлері де әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, қалалық жерде ең көп кездесетін күйе, асфальт және автомобиль шиналарының ең кішкентай бөліктері, минералды тұздардың бөлшектері (сульфаттар, нитраттар), ауыр металл қосылыстары (негізінен, оксидтер).

CORE эпидемиологиялық ғылыми-зерттеу деректері бойынша алматылықтардың 25,5 пайызы бронх демікпесімен ауыратынын көруге болады. ҚазҰУ-дың Денсаулық сақтау және қоршаған орта ғылыми-зерттеу лабораториясының меңгерушісі Денис Винниковтың жақында жүргізген зерттеуі Алматы қаласында жоғары мөлшерде кездесетін PM2.5 бөлшектерінің қысқы кезеңде ашық ауада жұмыс істейтін адамдарға кері әсеріне ғылыми дәлел болып табылады. Өйткені қаланың әртүрлі бөліктеріндегі PM2.5 концентрациясы 120 мкг/м3-ден 1500 мкг/м3-ге дейін өзгеріп отырады. Бұл елімізде бекітілген нормативтерден асып түсетін көрсеткіш.

Қазіргі заманғы зерттеу әдістері мен модельдеу құралдарын пайдалана отырып, Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары үшін ауаның сапасын жақсарту бағдарламасы әзірленетін болады. Бағдарламада таңдалған қалалардағы ауаның ластануы бойынша қалыптасқан жағдайдың талдауы, әлемдік озық тәжірибелердің талдауы және ауа сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар да қамтылмақ.






**Кәмила ДҮЙСЕН**

№40 (1822), 6 ҚАРАША, 2021 ЖЫЛ
АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

***В соответствии с поставленными Главой государства задачами по построению новой структуры экономики, основанной на конкурентоспособном несырьевом секторе и выпуске товаров с высокой добавленной стоимостью, КазНУ имени Аль-Фараби вносит свой вклад в диверсификацию экономики страны путем построения наукоемких производств. Одним из направлений инновационного развития экономики является химическая промышленность, на долю которой при формировании ВВП страны приходится порядка 0,24%, что свидетельствует об отсутствии спроса на казахстанскую продукцию в мире и отражает слабую конкурентоспособность отечественного производства.***

# Совместное развитие химической промышленности



В целях развития химической промышленности в Республике Казахстан между НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» и отраслевым экспертом в сфере химической промышленности, ТОО «Объединенная химическая компания» (далее – ТОО «ОХК»), подписан меморандум, основным предметом которого является проведение совместных работ по развитию НИОКР в сфере химической промышленности, а также создание новых химических производств в РК.

ТОО «ОХК», созданное в 2009 году решением Совета директоров АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», сегодня является главным оператором в развитии нефтехимической отрасли Казахстана для обеспечения диверсификации, модернизации, устойчивого развития нефтехимического и химического сектора страны через привлечение инвестиций и поддержку малого и среднего бизнеса. В настоящее время обозначен план мероприятий по реализации основных пунктов меморандума, начата работа по рассмотрению проектов, ориентированных на производство продукции, и имеющих высокую добавленную стоимость для внедрения в химическую отрасль.

Началом развития взаимовыгодного сотрудничества стала организация онлайн-встречи 14 октября 2021 года ученых-химиков КазНУ им. Аль-Фараби с представителями ТОО «ОХК», во главе с Жанкубановым Бериком - управляющим директором по бизнесу и Абильдаевым Айдаром – советником Председателя Правления по науке. На встрече, были презентованы инновационные технологии и разработки ученых университета, реализуемые в научно-исследовательских лабораториях факультета химии и химической технологии, Центра физико-химических методов исследования и анализа, научно-исследовательского института Новых химических технологий и материалов, готовые для дальнейшего внедрения на производстве. В ходе встречи был определен перечень проектов первого приоритета в сфере химии и новых материалов, направленных на рассмотрение руководства ТОО «ОХК» для оценки коммерческой привлекательности.

Одним из готовых продуктов, требующих масштабирования производства и вывода на уровень малотоннажного производства, является производство серосодержащих многофункциональных органических стимуляторов роста растений и борьбы с болезнями растений на основе наносеры. Научный задел проекта был создан в результате предыдущих междисциплинарных исследований под руководством известного учёного-химика, профессора Буркитбаева М.М., в рамках программно-целевого финансирования на тему «Разработка и апробация технологий получения новых серосодержащих нанокомпозитов и препаратов», результаты которых показали эффективность синтезированных серосодержащих препаратов для защиты растений от болезней и вредителей и стимуляции роста растений.

Проект направлен на создание условий для повышения качества и количества урожая с эффектом, превышающим действие традиционных препаратов, модифицирование и создание новых композиционных материалов, имеющих широкий спектр практического применения и сорбентов. По теме исследований получено более 10 патентов на изобретения и полезную модель, разработаны стандарт организации и технические условия на получение препарата NANOQUQIRT и ряда других веществ с полезными свойствами, модифицированных раствором наносеры. Препараты в качестве стимуляторов роста растений и борьбы с болезнями растений прошли испытания на объектах агропромышленного комплекса (ТОО «Амиран АГРО», ТОО «Бахус Глобал», Казахский НИИ земледелия) и на данный момент требуются дополнительные инвестиции для доукомплектации мобильной энергосберегающей малотоннажной технологической линии по производству серосодержащего продукта со 100% казахстанским содержанием для получения разнообразных препаратов с добавочной стоимостью на основе техногенных отходов и методов нанотехнологий.



Особый интерес был проявлен к проекту по созданию и использованию натрий-ионных аккумуляторов в качестве накопителей солнечной энергии. Натрий-ионные аккумуляторы отличаются дешевизной по сравнению с аналогами, выгодны для больших станций, и их производство дешевле на 40%. На сегодняшний день, группой ученых-химиков под руководством зав.кафедрой аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов Галеевой А.К. уже разработаны катодные материалы, и проведены их предварительные испытания. Наряду с этим, в научно-исследовательских институтах организовано лабораторное производство лекарственного препарата «Ноловалидол», обладающего спазмолитическим лекарственным средством. Группа ученых под руководством профессора КазНУ имени Аль-Фараби Жанар Женис разработала антивирусную мульти-природную добавку, представляющую смесь из лекарственных растений, таких как мята, гвоздика, ромашка и солодка. Масштабирование производства позволит получить мульти-природную добавку – биоактивный состав против гриппа и острых респираторных вирусных инфекций, являющийся основой для выпуска новых фармацевтических продуктов на сырьевой основе.

В свою очередь, со стороны ТОО «ОХК» был получен ряд технологических задач, которые требуют решения со стороны ученых университета, запланировано выделение инвестиций на готовые проекты, в частности требующие доведение полученных разработок до товарного вида, завершение разработки прототипа и другие работы, предполагающие следующий шаг уже в виде продаж. По результатам встречи достигнута предварительная договоренность о совместном проведении НИОКР направленных на развитие химической промышленности в стране.

***В конце октября на кафедре Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения КазНУ им. Аль-Фараби состоялась встреча с военной делегацией во главе с генерал-майором Маджидом Джихангиром, генеральным директором по внешнему военному сотрудничеству совместного штаба Пакистана.***

# Плодотворное сотрудничество



В рамках официального визита военная делегация ознакомилась с деятельностью факультета, с работой научных центров, кафедр, «Музея Востока», центра имени Махатмы Ганди, а также Центр Мухаммада Али Джинна, который был назван в честь известного мусульманского политика, основателя национальной государственности Пакистана.

Следует также отметить что Центр «Мухаммад Али Джинна» был открыт в 2019 году при поддержке Посольства Исламской Республики Пакистан и на сегодняшний день успешно функционирует. В Центре Мухаммада Али Джинна почетных гостей с культурной программой встретили студенты отделения индологии. Только в КазНУ им. Аль-Фараби существует отделение индологии, студенты которого изучают язык хинди и урду, культуру, историю, литературу, дипломатию Пакистана и Индии, в котором с момента открытия было подготовлено более 100 специалистов этого направления. В настоящее время в отделении обучаются около 30 студентов, а также работают около 10 преподавателей профессоров.

Примечательно что, в апреле текущего года группа преподавателей и студентов кафедры Ближнего Востока и Южной Азии была направлена на языковую стажировку и курсы повышения квалификации в Национальный университет современных языков, расположенный в городе Исламабад.

Декан факультета востоковедения г-н Ыктияр Палторе отметил, что руководство университета уделяет особое внимание сотрудничеству двух стран и сконцентрирован на работе в этом направлении. Пакистанские военные в свою очередь поблагодарили представителей университета за гостеприимство и пожелали укрепления дружественных отношений между Казахстаном и Пакистаном, связей в сфере образования и науки, культуры, а также выразили свою восторженность выступлением студентов.

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №40 (1822), 6 ҚАРАША, 2021 ЖЫЛ

# Преподаватели КазНУ прошли стажировку в Antalya Bilim University

*Преподаватели КазНУ имени Аль-Фараби побывали в университете Antalya Bilim University, приняв участие в курсах повышения квалификации «Турецкая система высшего образования». Недельная стажировка осуществлялась при поддержке руководителя вуза Жансеита Туймебаева и спонсоров.*




Участников семинара (50 человек) тепло встретили турецкие коллеги. Большое впечатление на делегацию КазНУ произвел современный кампус университета, библиотека и живописный сад, в котором растут и плодоносят около 1000 гранатовых деревьев, аудитории, лаборатории и мечеть на территории вуза. При университете создан технопарк, который реализует инновационные проекты для поддержания и развития экономики страны.

С приветственной речью к преподавателям КазНУ имени Аль-Фараби обратился ректор Antalya Bilim University, профессор Исмаил Йуксел, отметив важность сотрудничества с ведущим казахстанским университетом, который занимает 175 место в рейтинге QS и входит в топ-200 мировых вузов. Ректор ознакомил участников с научно-образовательным направлением вуза, рассказал о специфике организации учебного процесса, провел тренинг.

Во время тренингов делегация КазНУ ознакомилась с деятельностью медицинского факультета, школы туризма, факультета гражданской авиации, стоматологической клиники. Авиационный факультет ориентирован на подготовку академического пилотирования и отбор квалифицированных кандидатов в пилоты. Обучение проводится с инструкторами с использованием современных испытательных, имитационных приборов и воздушных судов. Студенты – кандидаты, успешно прошедшие все обязательные тесты, включаются в список аэрокосмической программы «Praxis» с перспективой трудоустройства.

На медицинском факультете Антальского образовательного вуза обучаются пять курсов по специальности «стоматология» и проходят практику в стоматологической клинике, которая оснащена современным оборудованием и новейшими медицинскими наноматериалами. По словам турецких специалистов, они не только предоставляют услуги пациентам, но также обучают студентов и сотрудников цифровой стоматологии, современным разработкам, проводят совместные научные исследования. Они заключили договора с ведущими европейскими стоматологическими клиниками, что позволяет им делиться опытом и консультироваться во время операции в режиме онлайн. Например, в клинике используют новейшую систему CAD-CAM, которая экономит время и выполняет реставрацию зубов за один сеанс. Весь процесс занимает всего пару часов.






Как отметила и.о. директора Высшей школы общественного здравоохранения (ВШОЗ) факультета медицины и здравоохранения КазНУ к.м.н. Анар Даниярова, «Наш университет может перенять такой полезный опыт и открыть со временем свою стоматологическую клинику и оказывать услуги населению. Еще одна новость – наши турецкие коллеги в этом году открыли специальность «нутрициология». На нашем факультете она преподается как дисциплина. На сегодняшний день в Казахстане такой специальности нет и эта специальность будущего. И мы намерены предложить рассмотреть троекторию данной специальности в программе ВШОЗ «Общественное здравоохранение», что будет большим плюсом для нас»,– сказала А.Даниярова.

Преподаватели факультета географии и природопользования КазНУ Гульнур Мусралинова и Лаура Кенеспаева общаясь с представителями факультета туризма (ABU) отметили, что подход обучения с акцентом на практическую сторону можно было бы позаимствовать для нашего вуза. На кафедре гастрономия и кулинарное искусство ABU для студентов созданы аудиторные классы, которые оснащены ходильными камерами, газовыми плитами и всеми необходимыми продуктами для приготовления пищи. Тем самым, каждый студент обучается технологиям приготовления разных блюд и закрепляет полученные навыки, не выходя из стен вуза. «В сфере туризм и управление гостиничного хозяйства, турецкие обучающиеся составляют программу, проводят экскурсии для гостей и проходят практику от 3-до 6 месяцев в комфортабельных отелях, что положительно сказывается на квалификации будущих специалистов. Такой метод обучения был бы намного эффективнее и полезнее для обучающихся КазНУ по образовательным программам – «туризм», «ресторанное дело и гостиничный бизнес», – сказали преподаватели КазНУ.

В процессе обучения участники тренинга выдвинули идеи и инсайты. Так, преподаватели естественных наук предложили турецкой стороне совместно реализовать академические и научные проекты. Участники курсов отметили, что во время тренингов в Антальском университете они получили много полезной информации, обменялись знаниями и опытом.

В завершение курсов повышения квалификации участникам были вручены международные сертификаты.

**Гуль БАЯНДИНА**







ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы - Ректоры **Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелдi. «Қазақ университетi» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келiсiм бойынша.
Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.